

ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ

С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ



МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РК

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.
ДАСФЕНДИЯРОВА

БАЛАЛАР СТОМАТОЛОГИЯСЫ, СТОМАТОЛОГИЯЛЫҚ АУРУЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ,
ОРТОДОНТИЯ КАФЕДРАСЫ

Тақырыбы: Балалардың жақ-бет аймағындағы деформациялар мен ақауларды емдеудің негізгі әдістері. Ортодонтиялық емге көрсеткіштер және қарсы көрсеткіштер.



Орындаған: Сұранов Н.А

Факультет:стоматология

Тобы: 007-002-1

Қабылдаған: Лұқпанова Ш.З

Жоспар:

Кіріспе:

Балалардың жақ-бет аймағындағы деформациялар мен ақауларды емдеудің негізгі әдістері.

Негізгі бөлім:

- ❖ Ортодонтиялық емге көрсеткіштер және қарсы көрсеткіштер.*
 - ❖ Жасына байланысты тіс-жақ ақауларын емдеу ерекшеліктері*
 - ❖ Жоғарғы және төменгі ерін жүгеншелерінің ақауларын емдеу*
 - ❖ Тістердің даму ақаулары*
 - ❖ Тіс жақ жүйесінің деформациясы*
- Қорытынды.*



Балалардың жақ-бет аймағында кездесетін ақауларды емдеудің бірнеше әдістері бар: ортодонтиялық, хирургиялық, протездеу.

Балаға ем жүргізу алдын психологиялық дайындау жүргізу керек (ұжымдық және жеке).

Ұжымдық ол баланың өзімен, ата-анасымен, туысқандарымен жүргізіледі.

Жеке баланың өзін ұжымда қалай ұстайтынын қадағалау, организмнің дамуының ерекшеліктерін және психикасын байқау. Ортодонтиялық емнің нәтижесін жылдамдататын миотерапия және физио-рефлексотерапия жүргізіледі.

Хирургиялық емнің мақсаты:

- ортодонтиялық көрсеткіш бойынша тісті жұлу
- Жақтың альвеола бөлігінің сүйекті тінін және ауыз қуысының жұмсақ тінін аппаратпен емдеуге дайындау
- Жақ сүйегінің өлшемін, формасын хирургиялық жолмен жөндеу
- Самай төменгі жақ буынның ауруында төменгі жақ қозғалысын қалыпқа келтіру.



Ортодонтиялық емге көрсеткіштер.

- Анамолияның әсерінен сыртқы келбетінің өзгерісі
- Анамолия әсерінен тіс-жақ жүйесінің негізгі функцияларының бұзылысы:

- 1) Сөйлеу
- 2) Тыныс алу
- 3) Жұтыну
- 4) Шайнау

- Аномалия әсерінен самай-төменгі жақ буынының дизфункциясы
- Жарақаттық окклюзия, тістердің тығыз орналасуы және басқа да бұзылыстарға байланысты пародонт тіндерінің ауруы.
- Патологиялық тістесу және тіс аномалиясының әсерінен ауыз қуысының шырышты қабатының аурулары.

Қарсы көрсеткіштер.

- Абсолютті
- Салыстырмалы

Абсолютті

- ОЖЖ органикалық аурулары:
 - церебральді паралич
 - эпилепсия

□ Психикалық аурулар:

○ Даун ауруы

□ Инфекциялық аурулар:

○ Туберкулез

□ Соматикалық аурулар:

○ Гемофилия

○ Гистоцитоз

□ Тіндердің лизисі мен бірге жүретін пародонттың жайылмалы ауруы және т.б.

Салыстырмалы

- АҚ гигиенасы өте нашар болуы
- Асқыну сатысындағы пародонтит
- Психикалық дайын болмау
- Созылмалы соматикалық аурулардың асқынуы
- Респираторлы вирусты инфекция кезінде және т.б.

Прогнатия тістесуінің емдеу әдістері

Уақытша тістесу кезеңінде емдеу.

- Себептерін жою
- Зиянды әдеттерді жою (төменгі ерінді, саусақты, тілді сору) вестибулярлы пластинкамен, тілге тірегі бар, вестибулярлы пластинкамен алдыңғы жерінде торы бар жоғарғы жақ сүйегіне жасалған немесе тілге жапқышы бар.
- Тіс-жақ жүйесінің қызметтерін нормаға келтіру миогимнастикамен ауыздың дөңгелек б.е , жұтынуына, тыныс алуды нормаға келтіру мен және сыртқы қанат тәріздес б.е ге логопедиялық жаттығулар жасау.

Алмасу тістесуінде емдеу

- Алмасу тістесу кезінде аппараттармен емдеу кеңінен қолданылады, алмасу тістесуінің бірінші жартысында аппаратпен емдеу миогимнастика және логопедия менбірге жүргізіледі.

Аппараттар төменгі жақ сйегін алға жылжыту үшін және тістесуді азу тістер орналасқан жерде ашу үшін қолданылады

- Андрезен – Гойпльдің активаторы
- Френкельдің қызметті реттеуші аппаратының 1-2 түрі
- Гулееваның аппараты
- Бошарованың тістесуді қалптастыратын аппараты
- Мюлеманың пропульсоры

Алмасу тістесуінің екінші жартысы және тұрақты тістесу кезеңінде емдеу

- Энгельдің стационарлы доғасы жақ аралық созу үшін
- Телебаеваның аппараты
- Энгельдің жылжымалы доғасы
- Кешенді емдеу әдістері (хирургиялық және аппараттық)

Прогения тістесуін емдеу тәсілдері

Уақытша тістесу кезінде емдеу

- Себептерін жою
- Жоғарғы жақ сүйегінің алвеола өсіндісіне қолмен массаж жасау (таңдай жағынан)
- Тілдің жүгеншесіне пластика жасау
- Баланың организмін жалпы күшейтетін және мешелге қарсы заттарды қолдану

- Зиянды әдеттерді (аузымен тыныс алу, саусақтарын, жоғарғы ерін, әртүрлі заттарды сору) вестибулярлы пластина (стандартты, жеке дайындалған) тілін соруды жою (ауыздың ішіндегі және кіреберістегі табақшалар)
- Тіс-жақ жүйесінің қызметтері: тыныс алу, жұту, сөйлеу, шайнау (қатты тағамды жеуге үйрету), миогимастикалық және логопедиялық жаттығулармен нормаға келтіру.
- прогения тістесуі төменгі жақ сүйегі алға жылжуымен болса және сәл ғана төменгі күрек тістер жоғарыларын кері 0,5 мм дейін жабып тұрса, жоғарғы және төменгі күрек тістің бұдырларын, олар тістесу қырларымен түйіскенше егеу керек.

- Алвеола өсіндісінің алдыңғы бөлігіне ауыздың іш жағын қолмен массаж жасау керек, бір күнде 2-рет (таң ертең жіне кешке)
- Егер прогения тістесуі төменгі жақ сүйегінің жылжуымен үйлескенде күрек тістер терең жабып тұрса, емдеу үшін тәулік бойына және тамақ ішкен уақытта да Брюкльдің аппараты және қиғаш резеңке тартуы бар иек асты сақпанымен бірге қолданылады.

Алмасу тістесуінің алғашқы кезеңінде емдеу.

- Аппаратпен емдеу әдісі миогимнастикалық және логопедиялық жаттығулармен бірге жүргізіледі
- Зиянды әдеттерді кіреберіс табақшамен жою
- Уақытша сүйір тістің қажалмаған бұдырларын егеу
- Төменгі жақ сүйегі мөлшерінің үлкеюінен болатын прогения тістесуінің гнатикалық формасы кезінде ортодонтиялық емдеудің мақсаты төменгі жақ сүйегінің өсуін кідірту және жоғарғы жақ сүйегінің белсенді өсуіне жағдай жасау.

Алмасу тістесуінің 2-ші жартысында және тұрақты тістесу кезеңдерінде емдеу

- Брюльдің аппараты
- Энгльдің жоғарғы жақ сүйегіне арналған аппарат, Брюльдің аппаратымен бірге
- Энгльдің жақ аралық және ауыздың сыртындағы тартуы бар аппарат
- Г.Т Телебаеваның аппараты
- Жоғарғы жақ сүйегінің артқа орналасуына оның денесінің дамымай қалуымен қатар төменгі жақ сүйегі денесінің шамадан тыс ұзаруы бет формасын едәуір, анағұрлым бұзады, бұл жағдай бет формасының өзгеруін хирургиялық тәсілмен жоюдың шарты болады.

Терең тістесудің емдеу әдістері.

Уақытша тістесу кезеңінде

- Себептерін жою
- Қатты тамақ жеу
- Бұзылған уақытша азу тістердің анатомиялық формасын қайтадан орнына келтіру пломбамен, металдан жасалған қайтадан қалпына келтіретін сауыттармен
- Зиянды әдеттерді кіреберіс табақшамен жою

- Уақытша азу тістер ерте түсіп қалғанда протез қою, бүйірдегі жасанды тістер арқылы тістесуді көтеру, жоғарғы жақ сүйегіне жасалған протездің тістесу алаңымен төменгі алдыңғы тістердің тістеу қырларының түйісуін қамтамасыз ету.
- Тіс-жақ жүйесінің қызметтерін жұтуды, тыныс алуды және емдеу үшін қолданылатын арнайы миогимнастикалық, логопедиялық жаттығулармен нормаға келтіру

Алмасу тістесуінің 1-ші жартысында 5,5-9 жасқа дейін

- Аппараттармен емдеу әдісін миогимнастика мен логопедияға үйлестіріп бірге жасау
- Тістесу алаңы бар Катцтың табақшасы
- Жоғарғы тіс доғасы қосылғанда, алдыңғы тістердің арасында физиологиялық бостық болмағанда, олар тығыз орналасқанда уақытша күрек тістердің тұрақты тістерге алмасуы алдында тістердің алаңы және кеңітетін бұрандасы немесе серіппесі бар Катцтың табақшасын қолдану қажет

- Прогнатия тістесуімен үйлескен, терең тістесуді емдегенде прогнатия тістесуін емдеу үшін қолданатын барлық аппарат қолданылады тағы да Брюкльдің аппараты мен асты сақпан мен, ауыздың сыртында вертикальді резеңке тартуы бар алдыңғы тістердің тіс алвеоланың қысқаруы үшін қолданады. Қызметті реттеуші аппараттардың бүйірдегі қалқандары ұрттарды соруға және ішке соруға кедергі жасайды.

Алмасу тістесуінің екінші жартысында 9-12 ге дейін.

- Алмасу тістесуінің бірінші жартысында қолданылатын аппараттар миогимнастикалық және логопедиясыз пайдаланылады.
- Энгельдің аппараттары қиғаш немесе вертикальды бағытта жақ аралық трезеңке тартуы бар, жоғарғы жақ сүйегіне арналған тістесу алаңы бар табақшамен бірге нейтральді және прогнатия тістесуімен үйлескен терең тістесуді емдеу үшін қолданылады.

Тұрақты тістесу кезінде емдеу.

- Бруксизмді және де басқа да парафункцияларды жою қажет. Әр түрлі окклюзиялардағы тістердің біркелкі түйісуін, қиылысын бақылап, жеке тістердің бұдырларын қажап отыру керек. Осындай шаралар тістерге, жақ сүйектеріне протез қоюдың және ортодонтиялық емдеудің алдында дайындық ретінде жүргізіледі
- Тіс-алвеоласын ұзарту үшін жылжытатын кіші және үлкен азу тістерге ілмегі, кнопкасы немесе басқада құралдары бар жүзіктерді бекітеді, ол вертикальді бағытта тіс аралық резеңке тартуды салу үшін қажет.

- Жеке тістер болмағанда, әсіресе бүйірдегі ортодонтиялық емдеуден соң тістерге, жақ сүйектеріне протезді қою, жасау керек болады. Ортодонтиялық емдеудің алдында тістер доғаларының алдыңғы бөлігінде тіс-алвеолалық қысқарту үшін комптоостеомия жасауға болады.

Ашық тістесуді емдеу

Уақытша тістесу кезеңінде.

- Себептерін жою
- Зиянды әдеттерді жою кіреберіс табақшамен, ауыздың ішіндегі және сыртындағы табақшамен, тілдік талсымнан жасалған торы бар кіреберіс табақшамен.
- Тіс-жақ жүйесінің қызметтерін миогимнастикамен ауыздың дөңгелек бұлшық еттеріне, тілдің қимылсыз және қызметі кезінде орналасуын және жұтуды, мұрнымен тыныс алуды нормаға келтіру, тағы да арнайы ашық тістесудің алдын алу және емдеу үшін қолданатын жаттығулар, сөз сөйлеуін түзету үшін логопедиялық жаттығулар жасау.

- Егерде ашық тістесу кезеңінде тек ғана соңғы уақытша азу тістер түйісетін болса, ал басқа тістер бір-біріне тимей тұрса онда тілдің шамасы нормада болғанда осы тістердің бұдырларын талғап егеп тастайды

Алмасу тістесуінің алғашқы кезеңінде

- Қолданылатын емдеу шаралары пайдаланылады, миогимнастикалық және логопедиялық жаттығулармен бірге.
- 1.6, 2.6, 3.6, 4.6 металдан жасалған сауыттар кигізеді. 12-20 күннен кейін сауытты алып, уақытша азу тістерді егейді, 1-ші үлкен азу тістер қайтып түйіскеннен соң тағы да қайтып сауыттарды кигізеді 10-20 күнге осылай бірнеше рет басқа қалған тістер түйіскенше қайталаынады.

- Андресен – Гойпльдің активаторы, қызметті реттеуші Френкелдің аппараты 1-2-3 ші түрлері
- Тіс-алвеолалық ұзартуға әртүрлі серппелері, рычактары бар алынатын табақшаның тістерді жылжыту үшін қолданылатын кіреберіс немесе тілдік доғалардың жәрдемі мен жетуге болады

Алмасу тістесуінің 2-ші жартысында және тұрақты тістесудің алғашқы кезеңінде

- Алмасу тістесу кезінде тіс доғаларының қысылуы жас өскен сайын күшейе түседі, осыған байланысты оның емдеуінің бірінші кезеңі тістер доғаларын кеңейту болады, әсіресе жоғарғысын. Сондықтан бұрандасы және тілге тірегі бар кеңейтетін табақша қолданады , пациентті тістер қатарларының аралығына тілін салу зиянды әдеттерәнен құтқару үшін қолданады. Алдыңғы тістер тығыз орналасқанда ортодонтиялық шарттар бойынша жеке тістерді жұлады, көбінесе бірінші азу тістерді.

*Жоғарғы және төменгі ерін жүгеншелерінің
ақауларын, қысқа тіл жүгеншесін емдеу:*

Хирургиялық әдіспен жүргізіледі.

Операцияға дейін бала педиатрда, логопедте, ортодонтта қаралу керек. Анпликациялы анестезия жүргізіледі.

Операциядан кейін баланы емізу керек.

Операциядан кейін логопедтке 5-7 күннен кейін барады.

Жоғарғы ерін жүгеншесінің ақауында пластика қойылады А.А. Лимберг әдісі бойынша.

Операциядан кейін жоғарғы ерінге қысым түсу үшін байламдар таңады.

Қысқа ауыз кіреберісін емдеу хирургиялық жолмен жүргізіледі (вестибулопластика).



Тістердің даму ақаулары:

Тіс жарып шығу аномалиясы.

Уақытынан бұрын сүт тістердің жарып шығуы сәбилерде кездеседі (күрек тістер). Ол емізуде кедергі жасайды, ал жасанды тамақтандырғанда тісті сақтауға болады пластмассалы каппа кигізіп. Көбінесе бұл жағдайда тістерді жұлады.

Тіс санының аномалиясы.

Гиперодонтия, гиподонтия, адонтия. Тіс қатарында тіс санының көбеюі комплектен тыс деп аталады. Хирургиялық әдіспен алады, ортодонтиялық емнен кейін. Комплектен тыс тісті алған соң комплект тіс жарып шығады. Егер ол болмаса комбинирленген ем жүргізіледі (хирургиялық, ортодонтиялық).

Тіс ретенциясы.

Емі ортодонтиялық, хирургиялық. Ретенирленген және жартылай ретенирленген тісті ортодонтиялық ілмек немесе брекет эджуаз жүйесі арқылы тісті тартамыз резина тартпасы арқылы екінші басы тіс доғасындағы ортодонтиялық аппаратқа.

Тісжақ жүйесінің деформациясы

Тіс доғасын, тістер тобын, жеке тістерді төменгі жақтың дистальді ығысуын ортодонтиялық әдіспен емдейді.

Балаларда және жасөспірімдерде кездесетін таңдай жырығы мен жоғарға ерін жырығын хирургиялық, ортодонтиялық әдіспен емдейді.

Жақ деформациясының ауыр клиникасында және емдік аппаратқа келмейтін жағдайда хирургиялық әдіс қолданылады.

Мынадай жағдайда жүргізіледі:

- ❖ *туа пайда болған жоғарғы жақтың дамымауы*
- ❖ *Төменгі жақтың шамадан тыс көлемінің өсуі.*
- ❖ *Төменгі жақтың дамымауы*
- ❖ *Самай төменгі жақ буынының сүйекті аурулары*
- ❖ *Операциядан кейінгі жақтағы ақаулар*

Хирургиялық әдістер

```
graph TD; A[Хирургиялық әдістер] --> B[Остеотомия-жақты ұлғайтуға және кішірейтуге қолданылады. Көрсеткіштері: макро, микрогнатияда 12-15жаста жүргізіледі.]; A --> C[Остеозктомия –жақты ұзыннан және биіктігінен кішірейтуде қолданылады.]; A --> D[Компактостомия-8-10 жаста жүргізіледі. Жақтағы тіс алвеола деформациясын жөндейді.];
```

Остеотомия-жақты ұлғайтуға және кішірейтуге қолданылады. Көрсеткіштері: макро, микрогнатияда 12-15жаста жүргізіледі.

Остеозктомия –жақты ұзыннан және биіктігінен кішірейтуде қолданылады.

Компактостомия-8-10 жаста жүргізіледі. Жақтағы тіс алвеола деформациясын жөндейді.